

ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕС ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕС ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕС ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕ

1.1 Қамқоршылық – білім беру жүйесін, ізгілік қызметтерін(білім беру, ғылым, мәдениет және өнер, спорт және денсаулық сақтау) қолдаумен байланысқан әлеуметтік белсенділік саласы.

1.2 Қамқоршылар – қамқоршылық жұмысын атқаратын қоғамдық және заңды тұлға.

1.3 Қамқоршылық кеңесі- қоғамдық бірлестік, бірге басқарудың қоғамдық-мемлекеттік түрлерін дамыту және білім беру жүйесі, ізгілік қызметтері мекемелеріне қолдау жасауға қосымша қаржы тарту мақсатында құрылады.

1.4 Қамқоршылық қолдау алатындар - қамқоршы бөлетін және тартатын қаржыға Қазақстан Республикасының жас ұрпағын дамытумен байланысқан білім беру жүйесін, ізгілік қызметтерін атқаратын қоғамдық және заңды тұлғалар.

1.5 «Жаңатірлік» жалпы білім беретін Қамқоршылық кеңесі ҚР «Білім туралы» Заңының 44 бабының 9 тарауына сәйкес мектеп алқалық басқарудың түрі болып табылады.

1.6 Қамқоршылық кеңесі жалпы білім беру мекемесінің Жарғысы мен заңды тұлға статусынсыз осы Ереже негізінде әрекет жасайды.

1.7 Қамқоршылық кеңесінің мақсаты – білім беру мекемесінің дамуына қолдау жасау, қала аумағында жұмыс істейтін басқа ұйымдармен оның байланысын нығайту,заттай және ақшалай қаржыларды белсенді пайдалану.

1.8 Қамқоршылық кеңесі бюджеттен тыс қаржыларды ерікті құрбандық жасау, жеке тұлға мен мекемелердің қайырымдылық және демеушілік жарнасы, «ТҰРАҚТЫЛЫҚ-БІЛІМ» қайырымдылық есеп шотына заңмен қарастыылған қаржы көздері есебінен тартады.

1.9 Қайырымдылық және демеушілік жарнасынан түскен және қайырымдылық көрсетушілер қосқан қаржы есебінен сатып алынған барлық мүлік мекеменің меншігі болып табылады және бекітілген тәртіпте балансына алынады.

1.10 Қайырымдылық қызметі ҚР МК (сыйлық мен құрбандық ҚР МК 506,516 баптар) реттейтін келісім шарт қатынасы негізінде жасалады.

2. ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕС ҚҰРАМЫ

2.1 Қамқоршылық кеңес құрамына кіреді:

- әлеуметтік серіктестерінің өкілдері;
- қоғамдық ұйымдардың өкілдері;
- ата-аналар жұртшылығы мен педагогикалық кеңес өкілдері.

2.2 Қамқоршылық кеңесінің жеке құрамы білім беру мекемесінің жалпы жиналысының ұсынысы ескеріліп, білім беру мекемесінің әкімшілігімен қалыптастырылады.

2.3 Қамқоршылық кеңесінің төрағасы білім беру мекемесінің Қамқоршылық кеңесінің отырысында сайланады. Төрағасының өкілеттілік мерзімі Қамқоршылық кеңесіндегі оның басшылығы мерзімімен шектеледі.

2.4 Төрағасының орынбасары мен хатшысы Қамқоршылық кеңеспен сайланады.

2.5 Қамқоршылық кеңес мүшелерінің арасында тапсырмаларды бөлу кеңестің отырысында белгіленеді.

2.6 Қамқоршылық кеңесінің мүшелері өз тапсырмаларын өтеусіз негізде орындайды.

2.7 Осы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар Қамқоршылық Кеңесінің жалпы жиналысымен енгізіледі және оның отырысында бекітіледі.

3. ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕСІНІҢ МІНДЕТТЕРІ

3.1 Жалпы білім беру ұйымының жұмысының айқындығын арттыруға және жетілдіруге бағытталған бастамалар ұсыну және оны талқылау.

3.2 Жалпы білім беру ұйымының материалдық- техникалық базасы мен оқу базасын нығайту және жетілдіру, оның аумағы мен кабинеттерін көркейту.

3.3 Білім беру үдерісін іске асыру жағдайын жақсартуға, оқушылардың өмірі мен денсаулығын сақтауға жәрдем көрсету.

3.4 Мектеп органдарының жұртшылықпен тиімді қарым –қатынасы үшін жағдай жасау.

3.5 Мектептің білім берушілік,қаржылық, кадрлық әлеуетін күшейту.

3.6 ҚМ берілген қаражаттай және заттай бюджеттік қаржыны тиімді және анық пайдалану үшін механизм құру.

3.7 Қаржыландырудың қосымша көздерін мектепке тартуға жәрдем беру.

3.8 Оқушылардың заңды құқықтары мен мүдделерін қорғау.

4. ҚОСЫМША БЮДЖЕТТЕН ТЫС ҚАРЖЫЛАРДЫ ТАРТУ ЖӘНЕ ЖҰМСАУ ТҮРЛЕРІ МЕН ТӘРТІБІ.

4.1 Қосымша бюджеттен тыс қаржыларды тартуды Қамқоршылық кеңес ерікті құрбандық пен қоғамдық және заңды тұлғалардың мақсатты жарналары түрінде жасайды.

4.2 Мақсатты жарналарды тартудың өзіндік мақсаттары бола алады, мектепке қажетті мүлік сатып алу, мекеменің материалдық-техникалық базасын нығайту және дамыту, тәрбиеленушілердің қауіпсіздігін сақтау, тағы басқа қазіргі заңнамалар мен мекеменің жарғылық қызметіне қайшылық жасамайтын мақсаттар. Мақсатты жарналарды тарту бастамалары ҚМ басшыларынан, қамқоршылық кеңес немесе мекеменің басқа өзін-өзі басқару органдарынан туындайды.

4.3 Мақсатты жарналар білім беру мекемесінің есеп шотына түсіріледі. Тартылған мақсатты жарналарға білім беру мекемесінің бастығы жарияланып тағайындалған мақсат бойынша қамқоршылық кеңеспен келісілген иелік жасайды.

4.4 Мектепте құрбандықты ақшалай немесе заттай түрде ҚР МК бекіткен тәртіпте қоғамдық және заңды тұлғалар жасай алады.

4.5 Мақсатты жарналар мен құрбандықтар бойынша бухгалтерлік есеп және есеп берушілік қазіргі заңнамалар бекіткен ретте жасалады.

5. ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕСІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ.

5.1 Қамқоршылық кеңесі жылына 4 мәртеден кем емес отырыс өткізеді.

5.2 Қаралған сұрақтар бойынша Қамқоршылық кеңесі шешім қабылдап, білім беру мекемесінің әкімшілігі мен Педагогикалық кеңес мәліметіне жеткізеді.

5.3 Қамқоршылық кеңесінің білім беру мекемесі материалдық-техникалық базасын дамыту үшін берген қаражат қаржыларын білім беру мекемесінің пайдалануы туралы жарты жылда бір рет директор есеп береді.

5.4 Білім беру мекемесін дамыту мүддесі үшін бюджеттен тыс қаржыны мақсатты және тиімді пайдалануы үшін жауапты.

5.5 Білім беру мекемесінің бюджеттен тыс қаржысының шығысын бақылайды.

5.6 Қамқоршылық кеңесінің барлық шешімдері көпшілік дауыспен қабылданады.

5.7 Қамқоршылық кеңесі оқтын-оқтын мектеп ата-аналар комитеті алдында өз жұмысы туралы есеп береді.

6. ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕСІНІҢ ІС ҚАҒАЗДАРЫ

6.1 Қамқоршылық кеңесінің отырысында кеңестің төрағасы мен хатшының қолы қойылған хаттама жүргізіледі.

6.2 Хатшының міндеті Қамқоршылық кеңесінің бір мүшесіне жүктеледі.

6.3 Құжаттары Қамқоршылық кеңесінің төрағасында 1 жылға сақталады.

Ереженің нақтылы мерзімі: білім беру мекемесінің үлгісі (немесе түрі) өзгергенге дейін.

7. ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕСІНІҢ ҚАҒИДАЛАРЫ.

Қамқоршылық кеңесінің жұмысы келесі қағидаларға негізделеді:

- демократиялық;
- алқалық;
- ынтымақтастық ұзақтығы;
- жұмысының жариялылығы пен ашықтығы.

Қамқоршылық кеңесіне қатысушылардың жұмысы келесі қағидаларға негізделеді:

- еріктілік;
- жұмыс заңдылығы және барлық қатысушылардың құқықтық теңдігі;
- көмек алушылардың таңдау еріктілігі;
- қайғыға ортақтасу, мейрбандық, риясыздық рухани құндылықтары.

8. Қамқоршылық кеңесінің жұмысын тоқтату

Қамқоршылық кеңесінің жұмысы тоқтатылады:

- қамқоршылық кеңесінің ынтасымен;
- таратылу және қайта ұйымдастыру.

«Жаңатірлік» жалпы орта білім беретін мектеп жанындағы Қамқоршылық
кеңесінің **ХАТТАМАСЫ № 1**

Өндіріс елді мекені

09.08.2022ж

Күн тәртібінде

1.Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 2 сәуірдегі №123 бұйрығын жүзеге асыру туралы

2 Қамқоршылық кеңесінің мүшелерінің құрамын сайлау

Күн тәртібіндегі мәселеге сәйкес ДТІЖО С. Асанов Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 2 сәуірдегі №123 бұйрығының мазмұнын оқып, Бұйрыққа сәйкес және №355 бұйрығына сәйкес кеңестің құрамын қайта сайлауды ұсынды. Кеңес құрамына құжаттарын ұсынып, оң қорытынды алған кандидаттардың құжаттарымен хатшы таныстырып шықты. Барлығы № 355, №123 бұйрықтарына сәйкес тиісті құжаттар рәсімдермен тексерілгенін айтып өтті.

ДТІЖО С. Асанов кеңестің жаңартылған құрамын өкілдерімен таныстырып, кеңес төрағасы мен орынбасарын, хатшысын сайлауды ұсынды.

Ұсыныс бірауыздан қолдау тауып, кеңестің жаңа құрамы таныстырылды.

Атап айтқанда: Сарсенбаев Ихтияр Байтөріевич - қамқоршылық кеңесінің төрағасы ата-ана, Амирсаитов Атабек Тохирович - төраға орынбасары жеке кәсіпкер, Заиров Ұланбек - мүшесі ауыл әкімшілігінің қызметкері, Абдігаппаров Төлеп Убайдуллаевич - мүшесі учаскелік полиция, Қасимбеков Болат Анарбаевич - мүшесі жеке кәсіпкер, Холхозиева Наргиза Хошимовна - ата-аналар комитетінің мүшесі, Байзакова Камила Полатовна - ата-аналар комитетінің мүшесі, Абдуллаева Дилфуза Бахтияровна - ата-аналар комитетінің мүшесі, Қодиров Түргін Хамитович - ата-аналар комитетінің мүшесі.

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері күн тәртібіндегі мәселені талқылап, төмендегідей **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1.«Жаңатірлік» жалпы орта білім беретін мектебінің жанындағы қамқоршылық кеңесінің жаңа құрамы төмендегідей құрамда аудандық білім бөліміне бекітуге ұсынылсын.

Сарсенбаев Ихтияр - қамқоршылық кеңесінің төрағасы ата-ана

Амирсаитов Атабек - төраға орынбасары жеке кәсіпкер ,

Заиров Ұланбек - мүшесі ауыл әкімшілігінің қызметкері

Абдигаппаров Толеп - мүшесі учаскелік полиция қызметкері

Касымбеков Болат - мүшесі жеке кәсіпкер

Қодиров Тургин - ата-аналар комитетінің мүшесі

Холхозиева Наргиза - ата-аналар комитетінің мүшесі

Байзакова Камила - ата-аналар комитетінің мүшесі

Абдуллаева Дилфуза - ата-аналар комитетінің мүшесі

Абенова Нуржамал – қамқоршылық кеңесінің хатшысы

2. Бекітілген кеңес бұйрығын кеңес хатшылығы кеңес құрамына жазбаша түрде таныстырылсын;

3. Атқарылған кеңестің жаңа құрамы мен өткізілген жиын туралы мәлімет 3 жұмыс күн /бұйрық шыққаннан кейін/ мерзімде БАҚ- на әлеуметтік желілерге, аудандық білім бөліміне берілсін;

Кеңес Төрағасы: И. Сарсенбаев

Кеңес хатшысы:  Н. Абенова

**«Жаңатірлік» жалпы орта білім беретін мектебі
жанында құрылған «Қамқоршылық» кеңесінің 2022-
2023 жылдық жұмыс жоспары.**

№	Атқарылатын іс-шаралар	Мерзімі	Жауапты
1	Мектепте «қамқоршылық» кеңесін құру, мүшелерін сайлау, жоспарын бекіту. Жалпыға міндетті білім беру қорынан бөлінген қаржы киім-кешектерді болу. «Мектепке жол» қайырымдылық акциясын ұйымдастыру, мектепке демеуші тарту жұмыстарын ұйымдастыру	Тамыз Жыл бойы	«Қамқоршылық» кеңесінің төрағасы, мүшелері, бас есепші, әлеуметтік педагог
2	Мөлтек аудан бойынша әлеуметтік қамқорлыққа алынған оқушылардың тізімін сынып жетекшілермен бірлесе анықтау оқулықпен қамтамасыз етілуін қадағалау.	Қыркүйек	Сынып жетекшілер, әлеуметтік педагог, «Қамқоршылық» кеңесі мүшелері
3	Оқушылардың әлеуметтік мәртебесін анықтау Мектеп асханасын жалдаушылар тарапынан келісім шарт құра отырып, оқушыларды тегін ыстық тамақпен қамтамасыз ету. Жалпы оқумен қамту айы бойынша Мектеп директоры, ДОІЖО, ДТІЖ орынбасарларының есебін алу.	Қыркүйек	Мектеп директоры, ДОІЖО, ДТІЖО Сынып жетекшілер, әлеуметтік педагог, «Қамқоршылық» кеңесі мүшелері
4	Мектеп әкімшілігі, сынып жетекшілері және құқық пәні мұғалімдерімен бірлесе ҚР «баланың құқықтары туралы» халқаралық канвенцияны және ҚР «Неке және отбасы» заңын оқушыларға түсіндіру мақсатында доңгелек столдар ұйымдастыру.	Қазан	Сынып жетекшілер, Құқық пәні мұғалімдері, әлеуметтік педагог, «Қамқоршылық» кеңесі мүшелері
5	Мектеп директоры, ДОІЖО, ДТІЖ орынбасарларының 1 тоқсанда атқарған жұмыстарының есебіні алу.	Қараша	Мектеп директоры, ДОІЖО, ДТІЖО «Қамқоршылық» кеңесі мүшелері
6	Әлеуметтік мәртебеге ие оқушыларды аудандық, мектепшілік жаңа жылдық мерекелерге қатысуын ұйымдастыру,	Желтоқсан	Әлеуметтік педагог, Сынып жетекшілер, «Қамқоршылық» кеңесі мүшелері

	Әлеуметтік педагогтардың 1 жарты жылдықта атқарған жұмыстарының есебін алу. Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушыларды үйлеріне тұрғын-жай актісін жүргізу, атында мүлкі бар жоғын анықтау, оның сақталуын анықтау.	Жылына 2 рет Жылына 1 рет	
7	Балалардың өмір сүру сапасын жақсарту мақстында жыл сайынғы Республикалық қайырымдылық акциясын ұйымдастыру, акцияға демеуші тарту.	Қаңтар, Ақпан наурыз	Мектеп директоры, ДОЖО, ДТЖО Сынып жетекшілер, әлеуметтік педагог, «Қамқоршылық» кеңесі мүшелері
8	Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушыларды үйлеріне тұрғын-жай актісін жүргізу, атында мүлкі бар жоғын анықтау, оның сақталуын анықтау. Жазғы сауықтыру лагеріне баратын оқушылардың тізімін нақтылау жұмыстарын жүргізу. Мектеп әкімшілігінің жыл бойына атқарған жұмыстарының есебіні алу. «Қамқоршылық» кеңесінің жылдық жұмысына қорытынды жасау	Сәуір, мамыр	Мектеп әкімшілігі, Сынып жетекшілер, «Қамқоршылық» кеңесі мүшелері

Жоспарды түрген

«Қамқоршылық» кеңесінің төрағасы:

И. Сарсенбаев

Хатшысы:  Н. Абенова

«Жаңатірлік» жалпы білім беретін мектеп

«Қамқоршылық кеңес» отырысының

ХАТТАМАСЫ №1

Өтілген күні: 17.08.23 ж.

Қатысқандар: мектеп әкімшілігі, ата-аналар, жергілікті мекеме қызметкерлері

Күн тәртібінде қаралған мәселелер:

1. «Қамқоршылық кеңестің» ережесімен, мақсат-міндеттерімен, құру тәртібімен таныстыру
2. «Қамқоршылық кеңестің» төрағасын сайлау
3. Оқушыларды ыстық тамақпен қамтамасыз ету.
4. **Тыңдалды: 1-мәселе**

Күн тәртібіндегі 1-мәселе бойынша мектеп директоры Н. Аманкұлов сөз алып, жиналысқа қатысушыларды “Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы” Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы ереже мен таныстырып өтті. (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 2 сәуірдегі № 123 бұйрығы) Қамқоршылық кеңесі қоғамдық бірлестік, бірге басқарудың қоғамдық-мемлекеттік түрлерін дамыту және білім беру жүйесі, ізгілік қызметтері мекемелеріне қолдау жасауға қосымша қаржы тарту мақсатында құрылатындығын айта келіп, міндеттеріне тоқталды.

1) білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілердің құқықтарының сақталуына, сонымен қатар білім беру мекемелерінің шотына түсетін қайырымдылық көмектің жұмсалудына қоғамдық бақылауды жүзеге асырады

2)

білім беру ұйымының жарғысына өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу туралы ұсыныстар әзірлейді;

3) білім беру ұйымын дамытудың басым бағыттары бойынша ұсынымдарды әзірлейді;

4) Қазақстандық азаматтардың отбасына жетім және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды орналастыру мәселелері жөнінде шалаларды жетілдіру бойынша ұсыныстарды әзірлейді;

5) қайырымдылық көмек түрінде білім беру ұйымдарына түскен қаржыны бөлуге қатысады және оның мақсатты жұмсалуды туралы шешім қабылдайды;

6) білім беру ұйымының бюджетін қалыптастыру барысында ұсыныстарды әзірлейді;

7)Тиісті саланың уәкілетті органына немесе білім саласындағы жергілікті атқарушы органына Қамқоршылық кеңестің білім беру ұйымының жұмысында анықтаған кемшіліктерді жою туралы ұсыныстар енгізеді; Мектеп директоры қамқоршылық кеңестің қосымша бюджеттен тыс қаржыларды тарту және жұмсау түрлері мен тәртібіне, Қамқоршылық кеңесінің құқықтары мен міндеттеріне, оның қағидаларына , сонымен қатар кеңестің құрамына тоқталып өтті.

1. Тыңдалды: 2-мәселе 2. ә) Сөйледі: Күн тәртібіндегі 2-мәселе бойынша сөз алған ата-аналар комитетінің төрағасы .Р.Қаршыбаев Қамқоршылық кеңес құрамына кімдер ену керектігіне, олардың функционалдық міндеттеріне тоқталып өтті. Жиналысқа қатысушылардың ортақ ұсынысымен төмендегі тұлғалар Қамқоршылық кеңестің мүшесі болуға ұсынылды. Қамқоршылық кеңес төрағасы: 1.И.Сарсенбиев Қамқоршылық кеңестің мүшелері: 3.К.Байзакова Х.Сайткулов Ф.Ишимов қамқоршылық кеңес мүшелері ашық түрде бір ауызбен мақұлдады

Үшінші сұрақ бойынша мектеп әлеуметтік педагогы Д.Қамбарова сөз сөйледі. Өз сөзінде жалпы биылғы оқу жылында мектебімізде ыстық тамақпен қамтамасыз етілген. Және де ол оқушылардың негізгі құрамы әлеуметтік жағдайы төмен, көпбалалы отбасылар, күн көріс деңгейі төмен отбасыларда тәрбиеленетін оқушаларды құрайтынын айтты. Сонымен қатар ыстық тамақтың сапалық құрамын тексеретін бракераждық комиссия жұмыс жасайды

Шешімі:

1. Қамқоршылық кеңестің ережесіне сәйкес «Жаңатірлік» білім беретін мектеп интернат коммуналдық мемлекеттік мекемесінде құрылған кеңестің жұмысы жандандырылсын.
- 2.Қамқоршылық кеңес құрамына ұсынылған тұлғалар кеңес мүшелігіне сайлансын.
- 3.Жоғарыда көрсетілген аз қамтамасыз етілген оқушыларды ыстық тамақпен толық қамтамасыз етуді қадағзалау.

Қамқоршылық кеңес төрағасы:

И.Сарсенбиев

Хатшы:

Н.Абенова